Әділет

# Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі туралы

## *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 ақпандағы N 38 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 наурызда N 3213 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы N 9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.01.2015 N 9 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 140-бабының 2-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| Облыс әкімі | Б. Сапарбаев |

| | |
|---|---|
| | Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің<br>2014 жылғы "26" ақпандағы № 38<br>қаулысына қосымша |

# Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі

| | |
|---|---|
| Таза табыс 3000000 теңгеге дейін | Таза табыс сомасынан 5 пайыз |
| Таза табыс 3000001 теңгеден 50000000 теңгеге дейін | 150000 теңге + 3000000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайыз |
| Таза табыс 50000001 теңгеден 250000000 теңгеге дейін | 4850000 теңге + 50000000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан |

| | |
|---|---|
| | сомадан 15 пайыз |
| Таза табыс 250000001 теңгеден 500000000 теңгеге дейін | 34850000 теңге + 250000000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайыз |
| Таза табыс 500000001 теңгеден 1000000000 теңгеге дейін | 97350000 теңге + 500000000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайыз |
| Таза табыс 1000000001 теңге және одан жоғары | 247350000 теңге + 1000000000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайыз |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК